

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

**Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
5	Сурет салу	-	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	-	күн сайын
	Құрастыру	-	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс- әрекет		

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

**** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Көру қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет****	Жас тобы	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	аптасына екі рет	аптасына үш рет
	Көру қабілеті**	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Кеңістікте бағдарлай білу	аптасына бір рет	аптасына бір рет
2	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар	аптасына бір рет	аптасына бір рет

Ескерту:

**** Арнайы түзетуші іс-әрекетті арнайы педагог (тифлопедагог) түзете қолдауды қажет ететін балалармен шағын топтарда немесе жеке жүргізеді.

** Көзі көрмейтін балалармен көру түйсігін дамытудың орнына сезіну және сипап сезуді дамыту бойынша түзету іс-әрекеті жүргізіледі. Нашар көретін және кейіннен соқыр болып қалған балалар мен көру қабілеті бұзылған балалар үшін жанасу мен ұсақ моториканы дамыту бойынша іс-әрекет жоғарыда аталған түзету қызметінің барлық түрлерінде жүргізіледі.

Есту қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет****	Жас тобы	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	аптасына екі рет	Аптасына екі рет
	Сөйлеуді дамыту**	аптасына бір рет	Аптасына бір рет
	Есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту	аптасына бір рет	Аптасына бір рет
2	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	аптасына бір рет	Аптасына бір рет
	Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар	аптасына бір рет	Аптасына бір рет

Ескерту:

**** Арнайы түзетуші іс-әрекет ым-ишараға сүйене отырып, ауызша сөйлеуді дамыту құлақ мүкістігінің ауыр дәрежесінде (IV дәрежелі) балалармен жүргізіледі; көркем әдебиетпен таныстыру сюжетті-рөлдік ойынға сүйене отырып жүргізіледі.

*Арнайы педагог (сурдопедагог) шағын топта немесе түзете қолдауды қажет ететін балалармен жеке-жеке жүргізеді; естімейтін балалар үшін ымдау тілін қалыптастыру бойынша іс-әрекет өткізіледі.

Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Жас тобы	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ жастағы балалар)
1	Физикалық қасиеттерді дамыту	аптасына екі рет	аптасына үш рет
	Емдік дене тәрбиесі (суда немесе құрылықта)	аптасына бір рет	аптасына бір рет
2	Түзету жұмысы*	аптасына бір рет	аптасына бір рет

Ескерту:

Түзетуді қажет ететін балалармен шағын топтарда арнайы педагогтер (дефектолог, логопед), емдік дене тәрбиесі нұсқаушысы жүргізеді.

*Түзету жұмысын түзетуді қажет ететін балалармен шағын топтарда арнайы педагогтер (дефектолог, логопед) жүргізеді.

Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Жас тобы	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Сөйлеуді дамыту*	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Дыбыстап айту	аптасына бір рет	аптасына бір рет

Ескерту:

*Арнайы педагог (логопед) жаппай немесе шағын топта жүргізеді.

Психикалық дамуы тежелген балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Жас тобы	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ жастағы балалар)
1	Танымдық іс-әрекетінің кемшіліктерін түзету	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Қоршаған ортамен танысу және сөйлеуді дамыту	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Сенсорика	аптасына бір рет	аптасына бір рет
2	Түзету жұмысы	аптасына бір рет	аптасына бір рет

Ескерту:

**** Арнайы түзету іс-әрекетін (шағын топтық) арнайы педагог (дефектолог) түзетуді қажет ететін балалармен шағын топта немесе жеке жүргізеді.

Зиятында бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет****	Жас тобы	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Ойынға үйрету	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Ойлауды қалыптастыру		аптасына бір рет
2	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Қоршаған ортамен таныстыру	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	-	аптасына бір рет
3	Түзету жұмысы*	-	аптасына бір рет

Ескерту:

**** Арнайы педагог (дефектолог) түзетуді қажет ететін балалармен шағын топта немесе жеке жүргізеді.

Күрделі бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет****	Жас тобы	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Коммуникативтік дағдыларды дамыту*	аптасына бес рет	аптасына бес рет
	Ымдау, дактильді-жанаспалы сөйлеуді қалыптастыру (көру және есту қабілетінің аралас бұзылуымен)	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Символдар, суреттер-заттардың көмегімен коммуникацияны қалыптастыру (сөйлемейтін балалар үшін)	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Сөйлеуді дамыту (дыбыстық сөйлеуді меңгеру мүмкіндігі бар балалар үшін)	аптасына бір рет	аптасына бір рет
2	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Сенсорика	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Кеңістікте бағдарлай білу	аптасына бір рет	аптасына бір рет
3	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	аптасына екі рет	аптасына екі рет

Тамақтану және мінез-құлыққа байланысты дағдыларды қалыптастыру	аптасына бір рет	аптасына бір рет
Киіну және киімді күту дағдыларын қалыптастыру	аптасына бір рет	аптасына бір рет

Ескерту:

*Коммуникативтік дағдыларды дамытуда біріктірілген бұзылыстардың түріне байланысты жұмыстың келесі түрлерінің бірі таңдалады: дактильді-байланыс байланыс нысандары; сөйлеудің ойнатқыш/дыбыстық жағы бұзылған жағдайда (церебральды сал ауруы, алалия кезінде) объектілерді-символдарды, суреттерді пайдалануға байланысты коммуникация дағдылары қалыптасады; күрделі бұзылулардың барлық түрлерінде ауызша (дыбыстық) сөйлеуді қалыптастыру және дамыту міндетті болып табылады және оны дефектолог, логопед және тәрбиеші шағын топпен немесе жеке жүргізеді (ауызша (дыбыстық) сөйлеуді қалыптастыру және дамыту мүмкіндігі болмаған жағдайда, коммуникацияның балама түрлерін қалыптастыру жүзеге асырылады).

Көрудің алғашқы бұзылуы кезінде балаларға арналған «Тифлографика» ұйымдастырылған іс-әрекетте жеңіл дәрежелі көру қабілеті бұзылған балалармен тәрбиеші «сурет салу» іс-әрекетін, ауыр дәрежелі көру қабілеті бұзылған балалармен «Тифлографика» ұйымдастырылған іс-әрекетінде арнайы педагог жұмыс жүргізеді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «__» _____
№ __ бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****		

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын,

қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

***** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Көру қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Жас тобы		
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	мектепалды топ (5 жастағы балалар)
1	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Көру қабілеті*	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Кеңістікте бағдарлай білу	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
2	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет

Ескерту:

**** Арнайы түзетуші іс-әрекетті арнайы педагог (тифлопедагог) түзете қолдауды қажет ететін балалармен шағын топтарда немесе жеке жүргізеді.

*Көзі көрмейтін балалармен көру түйсігін дамытудың орнына сезіну және сипап сезуді дамыту бойынша түзетуші іс-әрекет жүргізіледі. Нашар көретін және кейіннен соқыр болып қалған балалар мен көру қабілеті бұзылған балалар үшін жанасу мен ұсақ моториканы дамыту бойынша іс-әрекет жоғарыда аталған түзетуші іс-әрекеттің барлық түрлерінде жүргізіледі.

Есту қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Жас тобы		
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	мектепалды топ (5 жастағы балалар)
1	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	аптасына үш рет	аптасына төрт рет	аптасына төрт рет
	Сөйлеуді дамыту*	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет

Есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
---	------------------	------------------	------------------

Ескерту:

Ауызша сөйлеуді дамыту бойынша іс-әрекет құлақ мүкiстiгiнiң ауыр дәрежесi бар (IV дәрежелi) балалармен жүргiзiледi.

Көркем әдебиетпен таныстыру сюжеттi-рөлдiк ойынға сүйене отырып жүргiзiледi.

*Тiл дамыту бойынша iс-әрекеттi арнайы педагог (сурдопедагог) түзете қолдауды қажет ететiн балалармен шағын топта немесе жеке жүргiзедi.

Естiмейтiн балалар үшiн ымдау тiлiн қалыптастыру бойынша iс-әрекет өткiзiледi.

Тiрек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшiн

№	Арнайы түзетушi iс-әрекет *****	Жас тобы		
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	мектепалды топ (5 жастағы балалар)
1	Дене қасиеттерiн дамыту	аптасына төрт рет	аптасына төрт рет	аптасына бес рет
	Емдiк дене тәрбиесi	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына үш рет
	Түзету жұмысы*	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет

Ескерту:

Түзетудi қажет ететiн балалармен шағын топтарда арнайы педагогтер (дефектолог, логопед), емдiк дене тәрбиесi нұсқаушысы жүргiзедi.

*Түзетудi қажет ететiн балалармен шағын топтарда арнайы педагог (дефектолог), жүргiзедi.

Сөйлеу тiлiнiң бұзылыстары бар балалар үшiн

№	Арнайы түзетушi iс-әрекет *****	Жас тобы		
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	мектепалды топ (5 жастағы балалар)
1	Коммуникативтiк дағдыларды дамыту	аптасына үш рет	аптасына төрт рет	аптасына төрт рет
	Сөйлеудi дамыту	аптасына екі рет	аптасына үш рет	аптасына екі рет
	Сауат ашу негiздерi	-	-	аптасына бiр рет
	Дыбыстап айту	аптасына бiр рет	аптасына бiр рет	аптасына бiр рет

Психикалық дамуы тежелген балалар үшiн

№	Арнайы түзетушi iс-әрекет *****	Жас тобы		
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	мектепалды топ (5 жастағы балалар)

1	Танымдық іс-әрекетінің кемшіліктерін түзету	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Қоршаған ортамен таныстыру және сөйлеуді дамыту	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Сенсорика	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Түзету жұмысы*	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет

Ескерту:

*****Түзетуді қажет ететін балалармен шағын топтарда арнайы педагог (дефектолог), жүргізеді.

Зиятында бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет *****	Жас тобы		
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	мектепалды топ (5 жастағы балалар)
1	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Ойынға үйрету	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Ойлауды қалыптастыру	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Сенсорика	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
2	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Қоршаған ортамен таныстыру	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
3	Түзету жұмысы*	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет

Ескерту:

*****Арнайы педагог (тифлопедагог) түзетуді қажет ететін балалармен шағын топта немесе жеке жүргізеді.

*Арнайы педагог (дефектолог) түзетуді қажет ететін балалармен шағын топта немесе жеке жүргізеді.

Күрделі бұзылыстары бар балалар үшін

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет *****	Жас тобы		
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	мектепалды топ (5 жастағы балалар)
1	Коммуникативтік дағдыларды дамыту*	аптасына бес рет	аптасына бес рет	аптасына бес рет

	Ымдау, дактильді-жанаспалы сөйлеуді қалыптастыру (көру және есту қабілетінің аралас бұзылуымен)	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Символдар, суреттер-заттардың көмегімен коммуникацияны қалыптастыру (сөйлемейтін балалар үшін)	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Сөйлеуді дамыту (дыбыстық сөйлеуді меңгеру мүмкіндігі бар балалар үшін)	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
2	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	аптасына екі рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Сенсорика	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Кеңістікте бағдарлай білу	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
3	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	аптасына екі рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Тамақтану және мінез-құлыққа байланысты дағдыларды қалыптастыру	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Киіну және киімді күту дағдыларын қалыптастыру	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Үй еңбегі және басқа жағдайларда мінез-құлыққа байланысты дағдыларды қалыптастыру		аптасына бір рет	аптасына бір рет

Ескерту:

*Коммуникативтік дағдыларды дамытуда біріктірілген бұзылыстардың түріне байланысты жұмыстың келесі түрлерінің бірі таңдалады: дактильді-байланыс байланыс нысандары; сөйлеудің ойнатқыш/дыбыстық жағы бұзылған жағдайда (церебральды сал ауруы, алалия кезінде) объектілерді-символдарды, суреттерді пайдалануға байланысты коммуникация дағдылары қалыптасады; күрделі бұзылулардың барлық түрлерінде ауызша (дыбыстық) сөйлеуді қалыптастыру және дамыту міндетті болып табылады және оны дефектолог, логопед және тәрбиеші шағын топпен немесе жеке жүргізеді (ауызша (дыбыстық) сөйлеуді қалыптастыру және дамыту мүмкіндігі болмаған жағдайда, коммуникацияның балама түрлерін қалыптастыру жүзеге асырылады).

Көрудің алғашқы бұзылуы кезінде балаларға арналған «Тифлографика» ұйымдастырылған іс-әрекетте жеңіл дәрежелі көру қабілеті бұзылған балалармен тәрбиеші «сурет салу» іс-әрекетін, ауыр дәрежелі көру қабілеті бұзылған балалармен «Тифлографика» ұйымдастырылған іс-әрекетінде арнайы педагог жұмыс жүргізеді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «__» _____
№__ бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

**Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы)
мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
жоспары (5 жастағы балалар)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.